

Железинка аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы "Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 176-5/25 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 маусымдағы № 299-5/37 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 09 шілдеде № 4583 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 тамыздағы № 246/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 13.08.2018 № 246/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес Железинка аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Железинка аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы "Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 176-5/25 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2015 жылғы 31 наурызда № 3746 болып тіркелген, аудандық "Родные просторы" және "Туған өлке" газеттерінің 2014 жылғы 5 сәуірдегі № 14 сандарында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

11-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Қағидалардың 9-тармағының 10) тармақшасының жетінші абзацында көрсетілген санаттарға жеке шаруашылығын дамытуға 58 айлық есептік көрсеткіш, жем-шөп сатып алуға 29 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (ауыл

шаруашылық жануарларын сатып алу фактісі бойынша) уәкілетті органға осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттар қоса берілген өтініштің негізінде".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық дамыту және бюджеттік тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*О. Джумалинов
В. Крутиков*